

Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аккредитациялаудың ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 шілдедегі N 976 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1385 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.29. N 1385 Қаулысымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аккредитациялаудың ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 19 шілдедегі
N 976 қаулысымен
бекітілген

Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аккредитациялаудың Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аккредитациялаудың осы ережесі (бұдан әрі - ереже) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес әзірленген.

2. Олардың үлгісі (жоғары оқу орны) және түрі (институт, академия, университет) бойынша мәртебесін мемлекеттің тануы мақсатында, түлектерге білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжатты беру құқығы бар білім беру бағдарламаларының тізбесі белгіленіп білім беру қызметін жүргізу құқығы берілген лицензиясына сәйкес кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім берудің бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары (бұдан әрі - білім беру ұйымдары) мемлекеттік аккредитациядан (бұдан әрі - аккредитация) өтеді.

3. Қазақстан Республикасының аумағына құрылған халықаралық және шетелдік білім беру ұйымдары мен олардың филиалдары Қазақстан

Республикасының білім беру ұйымдарына қойылатын шарттар және тәртіппен мемлекеттік аккредитациядан өтеді.

4. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аккредитациялауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - аккредитациялық орган) аккредитациялық орган бекіткен білім беру ұйымдарының үлгісі мен түрі көрсеткіштердің тізбесі мен бағалау өлшемдері мемлекеттік аттестацияның нәтижесі бойынша аккредитацияланатын білім беру ұйымының қызметін бағалау негізінде жүзеге асырады.

5. Аккредитациялық орган Қазақстан Республикасының аккредитацияланған білім беру ұйымдарының тізімін жүргізеді және олардың тізбесін Еуропа аймағындағы (Лиссабон, 1997 ж.) Жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы конвенцияның қағидаларына сәйкес Академиялық тану мен ұтқырлық мәселелері жөніндегі еуропалық ұлттық ақпарат орталықтары желісіне жібереді.

6. Білім беру ұйымдарын аккредитациялау мәселелерін алқа алдында және жариялы түрде қарау үшін аккредитациялық орган консультативтік-кеңесші орган - Білім беру ұйымдарын аккредитациялау жөніндегі кеңес (бұдан әрі - аккредитациялық кеңес) құрады, оның құрамына мемлекеттік органдар мен мемлекеттік білім беру ұйымдарының өкілдері, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары кіреді.

Аккредитациялық кеңес туралы ережені аккредитациялық орган бекітеді.

2. Мемлекеттік аккредитацияны жүргізудің тәртібі

7. Аккредитация алу үшін білім беру ұйымдары аккредитациялық органға мынадай құжаттарды :

- 1) аккредитациялық орган бекіткен нысан бойынша өтінішті;
- 2) білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензияның көшірмесін;
- 3) мемлекеттік аттестациялаудың нәтижесі туралы қорытындыны;
- 4) аккредитациялық орган бекіткен нысан бойынша білім беру ұйымының қызметін кешенді бағалауға арналған ақпаратты тапсырады.

8. Аккредитациялық органның білім беру ұйымдарының құжаттарын қарау және шешім қабылдау мерзімі үш айдан аспауға тиіс.

9. Аккредитациялық орган білім беру ұйымдарының өтініштерін қарау процесінде олардың қызметін кешенді бағалау үшін ұсынылған ақпараттың дұрыстығын анықтау мақсатында білім беру ұйымдарының құжаттарын тексеруді жүргізеді.

10. Білім беру ұйымдары тапсырған құжаттарды, сондай-ақ тексеру нәтижелерін қарау аккредитациялық кеңестің отырыстарында жүзеге асырылады.

11. Білім беру ұйымы тапсырған құжаттар мен тексеру материалдарын қарау нәтижелері бойынша аккредитациялық кеңес мынадай ұсынымдар береді:

білім беру ұйымын аккредитациялау;
білім беру ұйымын аккредитациялаудан бас тарту.

1 2 . М ы н а д а й :

1) осы Ереженің 7-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар тапсырылған ;

2) құрылтай құжаттарында мәлімденген білім беру ұйымының үлгісі мен түрі білім беру ұйымының үлгісі (жоғары оқу орны) мен түрі (университет, академия, институт) бойынша аккредитациялауға арналған бағалау көрсеткіштері мен өлшемдеріне сәйкес болған ;

3) мемлекеттік аттестациялау комиссиясының осы білім беру ұйымында жоғары кәсіптік білімнің барлық мамандықтары бойынша және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің барлық ғылыми мамандықтары бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымына "аттестациялансын" деген шешімі болған шарттар орындалған жағдайда аккредитациялау туралы оң шешім қабылданады.

1 3 . М ы н а д а й н е г і з д е р :

1) осы Ереженің 7-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар берілмесе немесе тапсырылған құжаттарды тексеру барысында күмәнді мәліметтер анықталса ;

2) құрылтай құжаттарында мәлімденген білім беру ұйымының үлгісі мен түрі университет, академия немесе институт түріндегі білім беру ұйымын аккредитациялауға арналған бағалаудың негізгі көрсеткіштерінің тізбесі мен өлшемдеріне сәйкес келмесе ;

3) мемлекеттік аттестациялау комиссиясының мамандар даярлауды жүзеге асыратын осы білім беру ұйымында жоғары кәсіптік білімнің бір және бірнеше мамандығы немесе жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің бір немесе бірнеше ғылыми мамандығы бойынша білім беру ұйымы "аттестацияланбасын" деген шешімі болса, аккредитациялау туралы теріс шешім қабылданады.

Білім беру ұйымы көрсетілген кедергілерді жойған кезде аккредитациялау туралы өтініш жалпы негізде қаралады.

14. Аккредитациялау туралы түпкілікті шешімді аккредитациялық орган қабылдайды және бұйрықпен бекітеді. Оның негізінде білім беру ұйымына 5 жыл мерзімге аккредитациялау туралы куәлік (бұдан әрі - куәлік) беріледі.

15. Аккредитациялау туралы куәлік білім беру ұйымының үлгісі (жоғары оқу орны) және түрі (институт, академия, университет) бойынша белгілі бір мерзімге мәртебесін және білім беру ұйымының өз түлектеріне белгіленген мамандықтар тізбесі бойынша білімі және біліктілігінің тиісті деңгей (сатысы) туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беру құқығын растайтын ресми мемлекеттік құжат болып табылады .

Куәлік бланкінің нысанын және оған қосымшаның нысанын, сондай-ақ оны беру тәртібін аккредитациялық орган белгілейді. Аккредитациялық орган куәліктер мен қосымшалардың бланктерін жасауды, қатаң есепке алуды және сақтауды қамтамасыз етеді.

16. Кандидаттық және докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі мамандандырылған кеңестер мен оқу-әдістемелік бірлестіктер тек қана аккредитацияланған білім беру ұйымдарында құрылады.

17. Ғылыми-педагогикалық кадрларды аспирантура және докторантура нысанында даярлауға мемлекеттік тапсырысты аккредитацияланбаған білім беру ұйымдарында орналастыруға рұқсат берілмейді.

18. Куәлік немесе аккредитациялаудан бас тарту туралы шешім куәлік немесе аккредитациялаудан бас тарту туралы шешім ресімделген күнінен бастап бір ай мерзімде білім беру ұйымына беріледі.

3. Куәліктің қолданылуын тоқтата тұру және кері қайтарып алу

19. Білім беру ұйымы таратылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда, бұрын берілген аккредитациялау туралы куәлік аккредитациялық органның бұйрығымен күші жойылды деп танылады, бұл туралы аккредитацияланған білім беру ұйымдардың тізіліміне тиісті жазба жасалады.

Куәлік күшінде болған кезінде білім беру ұйымын тарату немесе қайта ұйымдастыру жүргізілген жағдайда, ол аккредитациялық органға тиісті ақпарат беруге және білім беру ұйымын тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылданған күнінен бастап бір ай мерзімде куәлікті қайтаруға тиісті.

Білім беру ұйымын қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған, білім беру қызметін жүргізу құқығының лицензиясына сәйкес жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы жалпыға бірдей негізде аккредитациядан өтеді.

20. Аккредитациялық орган мынадай жағдайда өз бұйрығымен өзі берген куәліктің қолданылуын тоқтата тұрады немесе күшін жояды (білім беру ұйымын аккредитациядан айырады):

1) Құрылтайшы (құрылтайшылар) немесе құрылтайшының өкілеттігін жүзеге асыратын орган тиісті өтініш ұсынған;

2) білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензияның қолданылуын тоқтата тұрған не оны кері қайтарып алған.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 964 қаулысымен.

Ескерту. 21-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.01.24. N 98 қаулысымен.

22. Аккредитациялау туралы куәлік алған немесе куәлігі кері қайтарып алынған білім беру ұйымдары туралы ақпаратты аккредитациялық орган бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға береді.

23. Оның қолданылуын тоқтата тұруға әкеп соққан мән-жайлардың өзгеруіне байланысты аккредитациялық кеңестің ұсынымы негізінде аккредитациялық органның бұйрығымен, қолданылуы қайтадан жаңалануы мүмкін.

Аккредитациялық органның тиісті шешімі қабылданған күнінен бастап бір ай мерзімде білім беру ұйымдарының, құрылтайшының (құрылтайшылардың) назарына жеткізіледі.

24. Куәлік жоғалған кезде аккредитациялық орган білім беру ұйымының өтініші негізінде оған аккредитациялау туралы куәліктің телнұсқасын береді.

25. Білім беру ұйымы аккредитациялау туралы немесе аккредитациялаудан бас тарту туралы шешімге заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдана алады.